



ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Яхудилер мен христиандардың
МИСТИЦИЗМІ



Дәрістің мақсаты: XII ғасырдағы және одан кейінгі кезеңдердегі христиандық пен иудаизмдегі мистицизмнің дамуы туралы білу.

Сабақтың негізгі терминдері: персонализм, архетип, ұжымдық санасыздық, каббала, исихазм, медитация.

«Тұлғаланған Құдай». Үш монотеистік діннің ең тұлғаланған Құдай түсінігіне ие Христиандық тірілген Тәңірі культі мен Үштік догмасын қабылдау арқылы сакральды етуге тырысты. Үш монотеистік дін де Құдайларын тұлғалық категорияның шеңберінен шығаратын Нирвана және Брахмандық Атманға өте жақын, тұлғалық шеңберден тысқары ақиқатқа ұқсас, мистикалық дәстүр қалыптастырды. Шын мистикаға бейім қабілеті бар адамдар саны өте аз, бірақ үш дінде де (Батыс Христиандығын – Католиктерді қоспағанда) мистиктердің бастан кешірген Тәңірісі көп өтпей соңында момындар қабыл еткен қалыпты Тәңірі болып шықты.

Тарихи монтеизм әуел бастан мистикалық табиғатқа ие емес еді. Будда секілді тұлға мен пайғамбарлардың таным негіздерінің арасындағы тәжірибелік ерекшеліктер жайында алдында айтқан болатынбыз. Яхудилік, Христиандық және Ислам негізінде белсенді діндер, Тәңірінің қалауының көкпен қатар, жерде де жүзеге асуына мән береді. Бұл пайғамбар діндерінің негізгі мотиві Тәңірі мен адам арасындағы жүздесу немесе адами байланыс. Бұл Тәңірі құбылыстарға қатысты бұйрық беруші ретінде өмір сүреді; бізді өзіне шақырады; Оның мейірімі мен қалауын қабыл ету немесе оған қарсы келу таңдауын өзімізге қалдырады. Бұл Тәңірі адам ұрпақтарымен үнсіз ойлану жолынан гөрі диалог құру арқылы байланыс құруды жөн санайды.

Христиандықта Үштіктің ең көп адамиланған қыры – Тәңірімен байланысты махаббат арқылы құруы болатын. Бірақ сүюдің мақсаты бір жағынан алғанда адамдық меннің жойылуын білдіреді. Тілдің өзі шектеулі қасиет болуы мүмкін. Өйткені бізді осы дүниелік тәжірибелеріміздің ұғымдарының ішінде қалдырады.

Миф – діни сананың кені. Пайғамбарлар мифтерге қарсы соғыс ашты: миф құдайы оның заманынан әуелгі, киелі уақыттардан гөрі осы тарихта және күнделікті саяси оқиғаларда белсенді көрінеді. Монотеистер мистицизмге жүгінгенде мифология діни тәжірибенің негізгі құралы ретінде өзін жаңаша көрсетеді. «Миф», «мистицизм» және «мистика» сөздері арасында тілдік тұрғыдан байланыс бар. Бәрі де грекше *musteion* сөзінен шыққан: көзді немесе ауызды қолмен жабу дегенді білдіреді. Бүгін бұлар Батыста кең таралған сөздер емес. Мысалы, «миф» сөзі жалған, өтірік дегеннің синонимы ретінде қолданылады: халық тілінде миф – дұрыс емес, өтірік дүние деген мағынаға ие.

Яхудиліктегі мистицизм. Мистиктер раввиндердің қарапайым тілімен баяндаудың орнына күрделі һәм көп сөзді әдісті қолданды. Раввиндер бұл руханилықты жек көрді және мистиктер де олармен сөз таластырмауға тырысатын. Дегенмен бұл «Тақтағы Мистицизм» деп аталған маңызды сұранысты қанағаттандырып келген болуы мүмкін, өйткені раввиндерді жоғарғы академиясының жанында қатар дамып отырды және соңында барып XII, XIII ғасырларда жаңа Яхуди мистицизмі Каббаламен тұтасып кетті.

Христиандықтағы мистика. Гректердің сенімі иконаларға байланғаны соншалықты 820 жылы иконаға наразылар халықтың қарсылығымен жеңіліске ұшырады. Алайда Құдайдың белгілі бір дәрежеде сипаттауға болады деген сенім Дионистің апофатик теологиясын терістеу деңгейіне дейін көтерілген жоқ. Монах Никофор «Қасиетті Бейнелер Жайлы Ұлық Апологетика» атты трактатында иконаларды «Тәңірінің үнсіздігі арқылы Оның трансцендентті болмысын тілмен жеткізу мүмкін еместігін паш етуі» деп танытты. Оның ойынша иконалар «үш сатылы нұрланған әрі кие тапқан теологиялық әуезбен Тәңірінің ұлықтығын мақтайды».

Персонализм (лат. *persona* – жеке тұлға) – жеке тұлғаны бірінші шығармашылық шындық және жоғарғы рухани құндылық, ал бар әлем – жоғарғы тұлға, Құдайдың шығармашылық белсенділігі деп танитын дүниетаным.

Архетип (грек. «бірінші бейне, түпнұсқа, үлгі») – түпбейне, идеяны бейнелейтін эллиндік философия термині. К.Г. Юнгтің аналитикалық психологиясында архетиптер – адам психикасының туа біткен құрылымы, олар символдарда, түстегі бейнелерде, медитацияларда, көркем шығармаларда, мифологиялар мен дінде көрініс табады.



К. Юнгтің аналитикалық психологиясында ұжымдық бисаналылық – санасыздықтың түрлерінің бірі. Нақты адамның жеке тәжірибесі негізінде шығатын дербес санасыздықтан ерекшелігі, ұжымдық санасыздық барлық адамдарға бірдей, адамзатқа бірдей және мидың тұқыммен берілетін құрылымымен айқындалады.

Каббалá (ивр. «алу, қабылдау, аңыз») – XII ғасырда пайда болған иудаизмдегі мистикалық және эзотериялық бағыт.

Исихáзм (ежелгі грек. «сабырлылық, тыныштық, оңашалану») – православ христиандығындағы мистикалық бағыт және ортағасырлық рухани тәжірибе.

Медитация (лат. ойлану) – ойдың жинақталуы, ішкі жинақталу жағдайы, рухани жетістікке жетуге ұмтылыс, қазіргі кезде діни емес сауықтыру мақсаттарында қолданылады.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Павел Флоренский икона жазудың болашағы туралы қандай тұжырымдар жасады?
2. Иконаға қарсылар мен қорғаушылардың дәлелдерін қолдана отырып, бұл тақырыпқа диспут ұйымдастырыңыздар.
3. Еврей мистикасындағы шехина және исламдағы сакинаны салыстырыңыздар.
4. Каббалашылар кітабындағы «Зогарда» жамандық мәселесі қалай шешіледі?
5. XIII ғасырдағы неміс мистигі Мейстер Экхарт Құдайды «Ештеңе және Түнек» деп атады. Ол кім туралы айтты?

Бақылау сұрақтары

1. Діндегі Дербес Құдайдың артықшылығы неде? Оның кемшіліктері неде?
2. Мистицизм дегеніміз не?
3. XII ғасырда ислам және иудаизмде неліктен мистицизм танымал болды?
4. Эпостарды түсіндірудің қазақтық эзотериялық дәстүрі туралы зерттеудің авторы кім?
5. Ұжымдық санасыздық деген не? Терминнің авторы кім?
6. Исихазм деген не?
7. Неліктен шығыс христиандықтар үшін иконалар маңызды?
8. Каббала деген не?
9. Неге қазақтар күй өнерін қасиетті деп санады?